



Т.С.
İSTANBUL ÜNİVERSİTESİ
EDEBİYAT FAKÜLTESİ



Çağdaş Türk Lehçeleri ve Edebiyatları Bölümü

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ
филология факультетінің докторанты Тұяқбаев Өмір Оразұлының
«8D02208 – Түркітану» мамандығы бойынша философия ғылымдарының
докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «Хадикат ал-‘арифин»
ортағасырлық түркі-мұсылмандық соцуимының дереккөзі» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

ШКІРІ

Ортағасырларды түркі мәдениетінің негізінде қалыптасқан жазба мұралардың қазақтың тілі, әдебиеті, мәдениеті және тарихымен тікелей сабақтасып оның қайнар көздеріні құрайтыны белгілі. Қазақтың халық ретіндегі тікелей тарихи мұраларын айқындап, оны зерттеу – бүгінгі заман талабынан туындаған, гуманитарлық-әлеуметтік ғылымда басымдылық берілетін бағыты. Қазақ топырағынан шыққан ойшылдардың мұрасын зерттеу, ғасырлар тоғысында қалыптасқан тарихи құндылықтар мен танымды жеткізу, бүгінгі күн талабы мен қоғам сұранысына сай және өзекті мәселе. Осы негізде қолға алынып, бүгінде сіздерге ұсынылып отырған зерттеу еңбектің бірі – Қазақстан территориясында, нақтырақ қазақ халқының рухани орталығына айналған Түркістан өңірінде жазылған Қожа Исхақ ибн Исмағил Ата әл-Қазығұрти әт-Түркістанидің «Хадйқат ал-‘арифйн» («Құдайды таныған жандар бақшасы») атты шығармасын кешенді зерттеген Ө.О. Тұяқбаевтың диссертациялық жұмысы болып табылады.

Ө. Тұяқбаевтың зерттеу жұмысының деректер кешенінде «Хадйқат ал-‘арифйннің» бүгінге сақталған қолжазбалар мен иассауи сопылық мектеп практикалары мен ілімдеріне қатысты жазба деректер, ел аузындағы аңыз әпсаналар қамтылады. Қандай шығарма болмасын оның жазылуына белгілі бір дәрежеде нақты тарихи оқиға, қоғамдық құбылыс, идеологиялық өзгеріс, діни-рухани сұраныс, әлеуметтік ортаның ішкі өміріндегі бір түрткі әсер ететіні, себеп болатыны белгілі. Аталған жазба ескерткіштің жазылуына себеп болған мәселелерді жан-жақты қарастырған диссертациялық жұмыс кіріспе, үш бөлімнен, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады. Тарауларлар өз ішінде тақырыптық тараушыларға бөлінген.

Диссертацияның «Хадйқат ал-‘арифйн» қолжазбасының сипаттамасы мен құрылымдық-тақырыптық жүйесі, зерттеу әдістері» атты бірінші тарауында зерттеудің теориялық мәселелері мен әдіснамасы негізделеді, шағатай тілінің классификациясы мен оның зерттелу деңгейі мен

прициптеріне байланысты сұрақтар талқыланады. Сонымен қатар зерттеудің нысаны болған «Хадйқат ал-‘арифйн» трактатының алыс-жақын шетелдік қорларда сақталған қолжазбаның нұсқаларына палеографиялық, кодикологиялық, просопографиялық, библиографиялық зерттеулер жүргізеді. Қолжазба нұсқаларының көшірілген орны мен уақытын, шығарманың пайдаланушылар ортасын анықтайды.

Диссертацияның «Хадйқат ал-‘арифйн» жазба ескерткішінің деректанымдық маңызы» атты екінші тарауында «Хадйқат ал-‘арифйннің» тарихи-деректік маңызына, құндылығына үңіледі. Шығармада кездесетін тұлғалардың тарихилығы, ортасы, қайраткерлігі, қызметі, бейнелерінің шынайылығын қарастырады. Ортағасырлық жазба дәстүріне сай кейіпкерлердің сомдалуының, оқиғалардың баяндалуында мифтік сипат берілуі, кейіпкерлердің тууының, өлімінің, қадір-қасиеттерінің, т.б. тылсым дүниемен байланыстырылуы сияқты өз кезеңінде орныққан дәстүрлер ерекшелігі ескере отырып ондағы оқиғалар мен тұлғалардың аңызы мен тарихи шындығы арасын ажыратып, автор мен шығарма кейіпкерлерінің биографиясы мен қызметін, персоналиесін ашықтайды. Мұсылмандық әдебиеттердегі образдар, символдар, дәстүрлі композициялар мен сюжеттік формалар мен канондарын зерттей отырып, шығарманың негізгі идеясы мен автор айтпақ ойын анықтайды. Шығармадағы теологиялық полемика, дискуссиялар, дәлелдер және олардың шығу себептерінің тарихи-мәдени негіздері мен теологиялық дискурста легимитациялау принциптерін белгілейді.

Ортағасырлық түркі-мұсылман социумы дамуындағы «Хадйқат ал-‘арифйндегі» діни-философиялық идеялардың маңыздылығы» атты үшінші тарауда Шағатай Ұлысындағы діни ахуал мен діни-идеологиялық жағайды қарастырады. Сопылық мектептердің моральдық-этикалық доктринасы өзара жақын, ұқсас келтіні бар. Десе де, практикалық, теологиялық ілімдері арасында өзара айырмашылықтары бары белгілі. Диссертант Хадйқат трактаты негізінде түркі мәдениеті мен рухани өмірінде үлкен рөлі ойнаған иасауи сопылық мектебінің адам, дүние және қоғам жөніндегі концепциялары мен дүниетанымдық ұғымдар мен құндылық категорияларымен анықтайды. «Хадйқат ал-‘арифйн» сопылық әдебиеті тудырған ілімі мен қазақ танымы мен әдебиетінде орныққан «Кәміл ұстаз», «Сақи шәкірт», «Кереметті әулие», «Кұдайы қонақ», «көңіл патшасы», «Жүрек көзі», «тәркі дүние», «Мұхаммад нұры» сынды бірнеше құндылықтар мен танымдар сабақтастығын ашып көрсетеді.

Диссертациялық зерттеу жұмысының тараулары мен мазмұны жүйелілік пен сабақтастық қағидаларына сай құрылған. Докторант шығарманың әдеби-көркемдік, жанрлық ерекшеліктерін зерттеуде тіл білімі әдістері – грамматикалық талдау, текстологиялық сараптама, тарихи-салыстырмалы, лексика-семантикалық және лингвотесктологиялық әдістер - когнитивті, концептуалды талдау, интерпретациялау, компоненттік семантикалық саралау, жіктеу, сипаттау, түйіндеу, мәтіндік сараптама сияқты әдіс-тәсілдерді қолданған. Сондай-ақ, лексикалық бірліктер мен ұғымдарға концептуалдық

талдау жасау және талдау барысында жекелеген сөздердің мағынасын кеңірек түсіну үшін генетикалық, номиналдық дефинациясына жіті мән берген. Шығарманың тарихи-деректік мағызын ашу кезінде деректанушылық: палеографиялық, кодикологиялық, просопографиялық, библиографиялық, мәтінтанулық зерттеулер әдістерін пайдаланған.

Докторант зерттеу қорытындылары мен нәтижелері бойынша отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда мақалалар жариялап, халықаралық және республикалық ғылыми-теориялық конференцияларда баяндама жасады. Конференциялар барысында апробациядан өткен зерттеу нәтижелері ғылыми журналдарда жарық көрді. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 1 мақала, халықаралық конференцияларда 3 мақала, ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 3 мақаласы жарияланды.

Ғылыми жетекші ретінде докторант Ө. Тұяқбаевтың зерттеу жұмысын түркітану ғылымына, соның ішінде деректану, тілтану, медениеттану, дінтану салаларына өз үлесін қосады деп санаймын.

Жалпы алғанда, Ө. Тұяқбаевтың «8D02208 – Түркітану» мамандығы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін орындалған «**Хадикат ал-‘арифин» ортағасырлық түркі-мұсылмандық соцуимының дереккөзі**» атты зерттеуі диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сай орындалған және диссертациялық жұмыс толық аяқталған деп есептей отырып, «8D02208 – Түркітану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға жіберуге ұсынамын.

Отандық ғылыми кеңесші,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Филология факультеті
Тіл теориясы және түркітану
кафедрасының доценті, ф.ғ.к./
Стамбул Университеті Қазіргі түркі тілдері мен
әдебиеттері бөлімінің оқытушысы

T.C.
ISTANBUL ÜNİVERSİTESİ
EDEBİYAT FAKÜLTESİ
ÇAĞDAŞ TÜRK LEHÇELERİ VE
EDEBİYATLARI BÖLÜMÜ BAŞKANLIĞI



О. Сапашев